

Қарғалы ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 5 қарашадағы № 239 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 қарашада № 3669 болып тіркелді. Күші жойылды - (Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімі аппаратының басшысының 2015 жылғы 26 тамыздағы № 04-8/4736 хаты)

Ескерту. Күші жойылды - (Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы әкімі аппаратының басшысының 26.08.2015 № 04-8/4736 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қарғалы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарғалы ауданы бойынша 2013 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбиемен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары І.Тынымгереевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р.Сыдықов

Қарғалы ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 5 қарашадағы
№ 239 қаулысына
1 қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№ жердің атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылған балалар саны (адам)
1 Бадамша ауылы	100
Барлығы	100

Қарғалы ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 5 қарашадағы
№ 239 қаулысына
2 қосымша

Бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар									
	Б а л а б а қ ш а л а р (бөбекжайлар)									
	қатты отынымен жылыту					электр, газ немесе орталықтан жылыту				
	1 топтан	4 топтан	6 топтан	8 топтан	10 және одан да көп топтарға дейін	1 топтан	4 топтан	6 топтан	8 топтан	10 және одан да көп топтарға дейін
	3 топқа дейін	5 топқа дейін	7 топқа дейін	9 топқа дейін	топтарға дейін	3 топқа дейін	5 топқа дейін	7 топқа дейін	9 топқа дейін	топтарға дейін
	27490				43500	23531	21155			

Қарғалы ауданы әкімдігінің
2013 жылғы 5 қарашадағы
№ 239 қаулысына
3 қосымша

Бір тәрбиеленушіге күніне ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар	
	Балабақшалар (бөбек-балабақшалар)	
	Ұйымдарда болу ұзақтығымен	
	9-10,5 сағат	12 сағат
	400	420

Ескертпе: 1 тәрбиеленушіге бір күнге ата-ананың ақы төлеу мөлшері 420 теңгеден артық емес.